



**Сотталғандарға негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыс түрлерін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қаңтардағы № А-1/3 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 ақпанда № 4000 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 қаңтардағы № А-1/11 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 14.01.2015 № А-1/11 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық Кодексінің 42-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару Кодексінің 30-бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Ақкөл ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сотталғандарға негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыс түрлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақкөл ауданы әкімінің орынбасары Н.Т.Әбдірахмановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Т.Едігенов*  
Ақкөл ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы 10 қаңтардағы  
№ А - 1 / 3 қаулысына  
қосымша

**Сотталғандарға негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыс түрлері**

1. Аумақты мұздан тазарту.
2. Аумақты қардан тазарту.
3. Аумақты қоқыстан тазарту.
4. Аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазарту.
5. Аумақты арам шөптерден тазарту.
6. Ағаштарды кесу, ағарту, отырғызу.
7. Қоршауларды жөндеу және бояу.
8. Ғимараттарды ақтау, бояу.
9. Гүл клумбаларын бөлу.
10. Көгал алаңды қайта қазу.
11. Құрылыс қоқыстарын жинау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК